

Байзақ ауданы бойынша 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 659 қаулысы . Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 желтоқсанда № 2440 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Байзақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Байзақ ауданы бойынша 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі аталған қаулы баспасөз беттерінде және жергілікті атқарушы органның интернет – ресурстарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Сағындық Жұмағұлұлы Кенжебаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Шүкеев

Байзақ ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 28 қарашадағы
№ 659 қаулысына қосымша

Байзақ ауданы бойынша 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

	Мемлекеттік білім беру тапсырысы, (орын) оның ішінде қаржыландыратыны	Бір айға шаққандағы қаржыландыру мөлшері, (теңге) оның ішінде қаржыландыратыны	
--	---	--	--

№	Мектепке дейінгі мекемелер	Республикалық нысаналы трансферттер есебінен (тенге)	Жергілікті бюджет есебінен (тенге)	Республикалық нысаналы трансферттер есебінен (тенге)	Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын балабақшаларға жергілікті бюджеттен қосымша бөлінетін қаржы	Жергілікті бюджет есебінен (тенге)	Бір айға ата-ананың ақы төлеу мөлшері
	Шағын орталықтар			13864	2000	13015	4000
	Бала-бақшалар :						5000
1	30 балаға дейін	95	30	19704	8700	40000	5000
2	31-ден 50 балаға дейін	145	150	19704	17200	31500	5000
3	51-ден 75 балаға дейін	145	250	19704	11500	28500	5000
4	76-дан 100 балаға дейін	180	200	19704	9000	28000	5000
5	101-ден 150 балаға дейін	425	220	19704	8000	24000	5000
6	151-ден 200 балаға дейін	360	0	19704	4400	23000	5000
7	201-ден 250 балаға дейін	0	210	19704	2000	22000	5000
8	250-ден жоғары	280	0	19704	2000	21000	5000
9	жекеменшік балабақша	75	0	19704			
	Барлығы	1630	1060				